

ҚРҰБ Төрағасының «Әлеуметтік-экономикалық даму және 2021 жылғы қаңтар-тамыздағы республикалық бюджетті орындау қорытындылары туралы» ҚР Үкіметі отырысындағы баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2021 жылғы 14 қыркүйек

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Биылғы жылғы тамызда сыртқы қаржы және тауар нарықтарындағы, сондай-ақ ішкі экономикадағы ахуал тұрақты болып қалды.

ТҰТЫНУ НАРЫҚТАРЫНДАҒЫ ТЕҢГЕРІМСІЗДІК АЯСЫНДА ӘЛЕМДЕГІ ИНФЛЯЦИЯНЫҢ ӨСУІ ЖАЛҒАСУДА

Әлемдегі жоғары іскерлік белсенділік аясында тауарларға **сұраныстың артуы бағаның өсуіне** әсер ететін ұсыныс мүмкіндіктерінен **асып түсуде**.

Нәтижесінде инфляциялық процестер тұтыну нарықтарында **сақталып отырған теңгерімсіздіктер** аясында **дамыған** елдерде, сол сияқты **дамушы** елдерде де **бұрынғысынша жеделдей түсуде**.

Азық-түлік нарықтарындағы теңгерімсіздіктер ең көп әсер етуде. Биылғы жылғы тамызда 2 ай баяулағаннан кейін **әлемдегі азық-түлік бағасы** қайта өсуін жалғастырды. **ФАО азық-түлік бағаларының индексі** жылдық көрсетуде **32,9%-ке** ұлғайып, **127,4-ке** жетті, бұл **қант, өсімдік майлары мен дәнді дақылдар** бағасының айтарлықтай көтерілуіне байланысты орын алды.

Бидай дақылдарынан алынатын астық түрлерінің нашарлауына байланысты **дәнді дақылдарға** әлемдік баға

индексі **129,8-ге** дейін, **өсімдік майларына** әлемдік баға индексі ұсыныстың қысқаруы және сұраныстың өсуі нәтижесінде **165,7-ге** дейін, **қантқа** әлемдік баға индексі Бразилиядағы құрғақшылық салдарынан 2017 жылғы ақпаннан бастап ең жоғарғы баға – **120,1-ге** дейін өсті.

Азық-түлік нарықтарында сақталып отырған **теңгерімсіздік** әлемдегі, тиісінше Қазақстандағы **инфляция динамикасына теріс** әсер етуді жалғастырады.

СҰРАНЫСТЫҢ ЖЫЛДАМ ӨСУІ АЯСЫНДА ӨНДІРУШІЛЕР БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІ ТҮПКІЛІКТІ ӨНІМНІҢ ҚҰНЫНА ТЕРІС ӘСЕР ЕТЕДІ

Бүкіл әлемдегі өндірушілер **шикізат пен дайын өнімнің жеткізілімдері мен жоғары бағаларының** сақталып отырған проблемалары туралы хабарлады.

Сұраныстың айтарлықтай өсуі аясында өндірушілер **негізгі компоненттердің** жетіспеушілігіне және шикізат тауарлары **бағасының өсуіне** тап болып, өнімді тасымалдау мүмкіндігі үшін бір-бірімен бәсекелесуге мәжбүр болды. Бұл **фрахт ставкаларының** рекордтық деңгейге дейін **өсуіне**, сондай-ақ экспорттаушылар бағасының жоғарылауына алып келді. Контейнерді жөнелту **құны** 2019 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда **3,4 есе өсті**, бұл **бағаның алдағы уақытта көтерілетінін** білдіреді. Осыған орай **өндірушілердің бағасы** Америка құрама штаттарында **7,7%**, Еуроодақта – **12,2%**, Қытайда **9% ең жоғары** мәндерге жетті.

Қазақстандағы жеткізулер мен шикізат **бағасының жоғары** болу проблемасына байланысты өндірушілер

бағасының жылдық өсімі **биылғы жылғы шілдеде 14,2%-ке** жетті. Қазақстандағы экономиканы қалпына келтіру дайын өнімге сұраныстың өсуі аясында **өндірістік қуат көздері жүктемесінің, өндіріс көлемінің** өсуіне әкеп соғады. Ұлттық Банк жүргізетін нақты сектор кәсіпорындарының пікіртерімі кәсіпорындардың **дайын өніміне сұраныстың** өсуін көрсетеді, ол **дайын өнім бағасының** тез арада үдей түсуіне жалғасады.

Жеткізу тізбегіндегі дағдарыс **2022 жылдың ортасына дейін порттар жұмысының шамадан тыс болуына және контейнерлердің жетіспеушілігіне байланысты ұзаққа** созыла бастады.

ҚАЗАҚСТАНДА ИНФЛЯЦИЯНЫҢ ӨСУІ БАРЫНША ТҰРАҚТЫ СИПАТҚА ИЕ БОЛУДА

Қазақстанда инфляцияның өсуі барынша **орнықты** сипатқа ие болуда. Биылғы жылғы сәуірден бастап тамыз аралығында жылдық **инфляция 7,0%-тен 8,7%-ке** дейін жылдамдады. Бағаның **ай сайынғы өсуі 2008 жылдан бері алғаш рет** тамызда **ең жоғары** болды.

Маусымдық тазартылған базалық инфляция, яғни көкөністер мен жемістер, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының қызметтері мен энергия ресурстары бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция тарихи орташа мәндерден **25%-ке жоғары** болды және **орнықты инфляциялық процестердің** қалыптасуын көрсете отырып, **0,75%** болды.

Тұтыну бағасының жиынтық индексінің 51%-ін

құрайтын **азық-түлік** инфляциясы тарапынан **бағаларға негізгі қысым** көрсетіледі. Оның жылдық өсуі бір айда **0,4 пайыздық тармаққа** жеделдеп, осы жылғы тамызда **11,4%-ке** жетті.

Ет, көкөністер, май және қант бағасының өсуі байқалады. Осы тауарлардың азық-түлік компонентіне қосатын үлесі биылғы жылғы **мамыр-тамызда 2,55 пайыздық тармақты** құрады. Еттің қымбаттау факторларының арасында осы жылдың 7 айында **жем-шөптің 25%-ке қымбаттауына** байланысты әлемдік бағаның және ішкі өндірушілер бағасының өсуін атап өтуге болады. Жем-шөп дақылдарының құны ет өндірісінің өзіндік құнының **70%-ін** құрайды.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция тамызда **7,3%-ке** дейін **0,1 пайыздық тармаққа** өсті. **Өндірушілер бағасының** өсуі және **сұраныстың қалпына келуі** аясында **жанар-жағармай** бағасының өсуі жалғасуда, бұл **киім-кешек және аяқ киім** бағасының да өсуін жеделдетеді. Олардың азық-түлікке жатпайтын инфляцияға үлесі осы жылдың мамыр-тамыз айларында **0,94 пайыздық тармақты** құрады.

Ақылы қызметтер инфляциясы биылғы жылғы тамызда **6,6%-ке** дейін **0,5 пайыздық тармаққа** жеделдеді. **Шекті тарифтердің** көтерілуіне байланысты **электр энергиясы** бағасының өсуі **10,1%-ті** құрады. **Сұранысты қалпына келтіру** аясында **тұрғын үйді жалға алу** бағасы, **қоғамдық**

тамақтану, газ және жолаушылар әуе тасымалы бағасы өсті.

Болжамдық раундтың қорытындысы бойынша Ұлттық Банк биылғы жылдың соңына қарай инфляция **7,5%-8,5%** дәлізінде қалыптасады деп күтуде, оның төменгі шекарасы **Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешенін тиімді** іске асыруды ескере отырып айқындалған.

ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫ МЕН ТҰТЫНУЫНЫҢ ӨСУІ ИНФЛЯЦИЯҒА ҚАРСЫ ҚЫСЫМ КӨРСЕТЕДІ

Халықтың табысы мен тұтынуының өсуі инфляцияға қарсы қысымның қосымша көзі болып табылуда.

Сұраныстың қалпына келуі биылғы жылғы екінші тоқсанда халықтың **нақты табысының 1,5%-ке** өсуі нәтижесінде **тауар айналымының** қайта жандануымен расталады. Өз кезегінде, биылғы жылғы екінші тоқсанда **нақты мәнде қызметкерлер жалақысының 10,4%-ке** **жеделдеуі** аясында **үй шаруашылықтарын тұтыну өсуде.**

Осылайша, инфляцияның өсу **серпіні** мен **факторлары**, экономиканың **қалпына келу** қарқыны және сәйкесінше **сұраныс** тарапынан **күшейіп келе жатқан инфляцияға қарсы қысымды** ескере отырып, Ұлттық Банк биылғы жылғы **13 қыркүйекте** базалық ставканы **9,5%-ке** дейін **0,25 проценттік тармаққа** көтерді.

ТЕҢГЕ МҰНАЙ БАҒАСЫНЫҢ ТӨМЕНДЕУІ АЯСЫНДА АЗДАП ӘЛСІРЕДІ

Биылғы жылғы тамызда Америка құрама штаттары Федералдық резервтер жүйесінің активтерді сатып алу бағдарламасын **жақын арада тоқтату** және дельта штаммына қатысты алаңдаушылық туралы белгілері салдарынан жаһандық инвесторлардың тәуекел-сентиментінің **нашарлауына** байланысты мұнай бағасының **жоғары құбылмалылығы** байқалды. Бір ай ішінде **мұнай бағасы** бір баррель үшін **73 АҚШ долларына дейін 4,4%-ке төмендеді.**

Экспорттаушылардың салық міндеттемелерін орындауы үшін шетел валютасын сатуы мұнай бағасының төмендеуі аясында теңгенің **құбылмалылығын реттеді.** Бір ай ішінде ұлттық валюта бір АҚШ доллары үшін **425,42** теңгеге дейін **0,2%-ке** әлсіреді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің **міндетті сатуы** шеңберіндегі **сату** және **бюджетке трансферттерді** жүзеге асыру үшін Ұлттық қордың қаражатын **конвертациялау** операциялары да **теңгеге қолдау көрсетті.**

Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша **экономикалық белсенділіктің қалпына келуі** және **импорттың 9,2%-ке өсуі** өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда шетел валютасына **сұранысты бір деңгейде ұстайды.**

ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІ БҰРЫНҒЫ ДЕҢГЕЙДЕ САҚТАЛДЫ

Ұлттық қордың активтері биылғы жылғы тамыздың соңында **56,9 млрд. АҚШ доллары** болды.

Биылғы жылғы тамызда **396 млрд.** теңгеге нысаналы және кепілдендірілген трансферттерді бөлу үшін **845 млн.** АҚШ доллары **сатылды.**

Биылғы жылғы тамызда Ұлттық қорға түскен **түсімдер 420 млрд.** теңге, оның ішінде шетел валютасында **506 млн.** АҚШ доллары немесе баламасында **215 млрд.** теңге болды.

Биылғы жылғы тамызда Ұлттық қордың **инвестициялық кірісі оң** қалыптасты және **316 млн.** АҚШ доллары немесе **0,56%** болды. Тамыз айында **акциялардың 431 млн.** АҚШ долларына немесе **2,52%-ке өсуі облигациялар мен алтын** бағасының төмендеуін **өтеді.**

Жыл басынан бастап Ұлттық қордың инвестициялық кірісі негізінен **акциялар нарығында өсуді жалғастыруына** байланысты **2,3 млрд.** АҚШ доллары немесе **4,11%** болды.

АЛТЫН-ВАЛЮТА РЕЗЕРВТЕРІ SDR БӨЛУ ЕСЕБІНЕН ӨСУДІ КӨРСЕТЕДІ

Алтынвалюта резервтері бір айда **1,8 млрд.** АҚШ долларына ұлғайып, биылғы жылғы **тамыздың** соңында **36,8 млрд.** АҚШ долларын құрады.

Алтын портфелі бір унция үшін **1 814** АҚШ долларына дейін **0,8%-ке** төмендегеніне қарамастан, басым құқықты іске асыру шеңберінде алтын сатып алу есебінен **134 млн.** АҚШ долларына өсті.

Еркін конвертацияланатын валютадағы активтер негізінен Халықаралық Валюта Қорынан арнайы қарыз алу құқықтарының **1,6 млрд.** АҚШ доллары сомасына **түсуі** және екінші деңгейдегі банктердің шетел валютасындағы

корреспонденттік **шоттары мен депозиттерінің** өсуі есебінен **1,7 млрд. АҚШ долларына** өсті.

Ұлттық қордың активтерін қоса алғанда, **жалпы халықаралық резервтер** бір айда **1,8 млрд. АҚШ долларына** ұлғайып, **93,7 млрд. АҚШ долларын** құрады.

БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ӨСТІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының **зейнетақы активтері** жыл басынан бері зейнетақы жинақтарын алу **қарқынының төмендеуі** аясында **52 млрд. теңгеге** немесе **0,4%-ке** ұлғайып, биылғы жылғы тамыздың соңында **12,9 трлн. теңгені** құрады. Мысалы, қаражатты ай сайынғы алу көлемі ақпан айындағы **643 млрд. теңгеден** тамыз айында **118 млрд. теңгеге** дейін немесе **5,5 есе баяулады.**

Салымшылардың зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу бойынша **орындалған өтініштерінің** саны **1,8 трлн. теңге** сомасына **449,3 мың** болды, оның ішінде тұрғын үй мәселелерін шешуге **1 765 млрд теңге** немесе **97,9%** болды.

Биылғы жылғы 8 айдың қорытындысы бойынша **5,8%** инфляция кезінде **7,6%** деңгейінде **кірістілік** қамтамасыз етілді.

ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ӨСУІ ЖӘНЕ ДОЛЛАРЛАНУДЫҢ ТӨМЕНДЕУІ

Биылғы жылдың басынан бастап банк жүйесіндегі **депозиттер 25,2 трлн. теңгеге** дейін **14,1%-ке** ұлғайды, оның ішінде **заңды тұлғалардың** салымдары – **13,0 трлн. теңгеге** дейін, жеке тұлғалардың салымдары **13,5%-ке** өсті.

Ұлттық валютадағы депозиттер көбінесе бөлшек салымдар есебінен **16,5%-ке** немесе **16,1 трлн.** теңгеге дейін өсті, **шетел валютасындағы** депозиттер **10,1%-ке** немесе **9,1 трлн** дейін көбінесе корпоративтік сектордың арқасында өсті.

Нәтижесінде **депозиттерді долларландыру** деңгейі биылғы жылғы шілдеде **36,0%** деңгейінде қалыптасты, бұл **8 жыл** ішіндегі **ең төменгі** мән болып табылады. Жеке тұлғалар депозиттерінің долларлануы **34,5%-ті** құрады.

БАНКТЕРДІҢ ЭКОНОМИКАНЫ КРЕДИТТЕУІНІҢ ӨСУІ ЖАЛҒАСУДА

Биылғы жылдың басынан бастап **кредиттік портфель 9,5%-ке** өсті және **16,0 трлн.** теңге болды.

Халықтың кредиттері 8,9 трлн. теңгеге дейін **17,8%-ке**, **бизнеске кредиттер – 7,2 трлн.** теңгеге дейін **0,8%-ке**, оның ішінде **шағын бизнеске – 2,8 трлн.** теңгеге дейін **12,8%-ке** ұлғайды.

Экономиканың нақты секторына берілген кредиттік ресурстардың құны өткен жылғы шілдедегі **12,0%-тен 11,6%-ке** дейін төмендеді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСТАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Экономиканы қолдау үшін Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы бастамаларын іске асыру жалғасуда.

1. «ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде биылғы жылғы **10 қыркүйекте** екінші деңгейдегі

банктер мен Агронесие корпорациясына **1,5 трлн. теңгеге 3 986 өтінім** келіп түсті, **1 трлн. теңгеден астам сомаға 3 356 жоба** мақұлданды, **879,2 млрд. теңгеге 3 260 қарыз** берілді.

2. КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІНЕ ЖЕҢІЛДІКПЕН КРЕДИТ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жеңілдетілген кредит беру бағдарламасы бойынша барынша зардап шеккен секторлардағы кәсіпорындарды қолдау шеңберінде биылғы жылғы **10 қыркүйекте** екінші деңгейдегі банктерге **1 трлн. теңгеден астам сомаға 10 884 қарыз** берілді, оның ішінде қайтарылатын қаражат есебінен **438,8 млрд. теңге** сомасына **5 897 қарыз** берілді.

3. «7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫ

«7-20-25» бағдарламасы шеңберінде биылғы жылғы 9 қыркүйекте банктер **499,4 млрд. теңгеге 40 583 өтінімді** мақұлдап, **369,9 млрд. теңге** сомаға **30 706 қарыз** берді.

Назарларыңызға рақмет!